

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З Х А Б А Р Л А М А С Ы

Алматы қ.

2017 жылдың 03 сәуірі

KASE "Биржалық симулятор – 2017" білім беру жобасы Global Money Week аясында жүзеге асуда

Қазақстан қор биржасы (Биржа, KASE) Child and Youth Finance International (CYFI – балалар мен жастар үшін қаржы саласындағы Халықаралық даму қоры) жүзеге асыратын, жастар мен балалардың қаржылық сауаттылығын арттыру жөніндегі бүкіләлемдік жыл сайынғы қозғалыс аясындағы Global Money Week (GMW, Бүкіләлемдік қаржы аптасы) шарасын бесінші жыл қатарынан өткізіп отыр.

Биылғы жылы Қазақстан қор биржасы мен "ИРБИС" қаржы нарығы агенттігі бірлесіп студенттер арасында өткізілетін кең ауқымды білім беруші "Биржалық симулятор" жобасының басталуы Global Money Week шарасына арналды.

Global Money Week – оқушылар мен студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыруға бағытталған ірі халықаралық оқиға болып табылады. GMW басты мақсатты аудиториясы 10-нан 25 жасқа дейінгі балалар мен жастар болып табылады.

Global Money Week басталуы және "Биржалық симулятор" жобасын іске қосу биылғы жылы бір-бірімен жақсы сәйкестік тауып отыр.

"Биржалық симулятор" жобасының ашылу салтанатында "Адам қаржы мақсаттарын дұрыс қояды және қаражатты тиімді жұмсауды неғұрлым ерте үйренсе, соғұрлым ол ересек өмірге дайындықпен келеді. Қаржы сауаттылығы тиімді жоспарлауға және өз бюджетін тиімді пайдалануға көмектеседі, яғни – мүмкіндіктер ауқымын кеңейтуге ықпал етеді", – деп атап өтті KASE басқармасының мүшесі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директоры Қайрат Тұрмағамбетов.

2016 жылы Бүкіләлемдік Қаржы Аптасына 13950-ге жуық ұйым (министрліктер мен ведомстволар, орталық банктер, қаржы ұйымдары, үкіметтік емес ұйымдар) қатысты, олардың ішінде 40-тан астам әлемнің қор биржалары да бар (NASDAQ, Euronext және т.б.). GMW 33 000 іс-шараларына әлемнің 130 елінен 7 миллионға жуық балалар мен жастар қатысты.

GMW науқанына экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымын (ОЭСР) қоса ЮНИСЕФ, ЮНЕСКО-тәрізді әлемдегі жетекші ұйымдар, қолдау көрсетеді.

Бүкіләлемдік Қаржы аптасы – 2017 шарасы 2017 жылдың 2 сәуірінен 27 наурызына дейін өткізілді.

####

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо, шет елдік валюта нарықтарының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды.

"Биржалық симулятор" жобасы – Қаржылық және экономикалық мамандықтар студенттері үшін Қазақстан бойынша 2008 жылдан бастап өткізілетін оқу сауда-саттықтары. Жоба қаржы және экономика мамандықтары бойынша білім алушы студенттерге қазақстандық компаниялардың өтімді акцияларымен сауда-саттыққа тегін қатысуға мүмкіндік береді. Оқу сауда-саттық жүйесінде нақты нарыққа максималды ұқсастық жағдайын жасау үшін KASE қолданыстағы нақты сауда-саттық жүйесінің негізінде жасалып, барлық баға белгілеулер нақты сауда-саттықтардан алынады. Жобаның тарихында оқу сауда-саттықтарына Алматы, Астаны, Орал, Атырау, Қызылорда, Шымкент, Петропавл, Қарағанды, Екібастұз, Қостанай, Рудный, Павлодар, Ақтау, Ақтөбе және Атырау қалаларының 56 ЖОО студенттері қатысты. 2017 жылы шамамен 1 500 студенттің қатысуы жоспарланып отыр.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz